

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Министрлігі Түркістан облысы Сайрам ауданы
«Жанерке» бөбекжай жеке мекемесі



Бекітімін: Д.Б.Сыдыкова

Ертеңгілік

Білімнің бастауы – балабақша!



Таскешу 2022жыл

Білімнің бастауы – балабақша!

Мақсаты: 1 қыркүйек - Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру.

Ата Заң күні мерекесін атап өту. Сахна мәдениетіне баулу. Көңілді орта қалыптастыру.

Барлық балалар **«Балдәурен»** әнінің әуенімен түрлі - түсті шарлар ұстай көнілді би билейді, би аяқталғанда.

Жүргізуші:

Шырылдаған тыным алмай

Қоңыраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы -

Балабақшадан басталады!- атты ашық сабағымызға қош келдіңіздер.

Сонымен қатар 30 тамыз – Ата Заң күнін кеше ғана бүкіл ел тойлады. Ата Заң - елдегі бақыт пен бірліктің, бостандық пен теңдіктің кепілі.

Ата заңым - бірлігім

Берекелі іс, тірлігім

Елдің ырыс, бақыты

Бейбітшілік, нұрлы күн!

Биіктерге бастайтын асқаралы

Әр жүректің сүйікті, асқақ әні

Мерекеде бәріміз бір дауыспен

Шырқайық еліміздің әнұранын!

ҚР Мемлекеттік әнұраны

Жүргізуші:

Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырап ұғымдыны.

Білім - ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні!

Балабақшамыздың бүлдіршіндеріне кезек берейік, қос мерекеге орай дайындалп келген өлең шумақтарымен бөліссін.

Айару: Еркін елдің Ата Заңы ардақты,

Әрбір сөзі, әрбір бабы салмақты.

Адам құқы, бостандығы, теңдігі,

Барлығында қарастырған жан – жақты!

Асылхан: Егемен елдің төсінде,

Шуағын шашқан арай күн

Азамат болып өсеміз

Қызыға әлем қарайтын.

Ақмаржан: Елдігімнің рені,

Тенденгімнің тірегі.

Мұддесінен халықтың,

Алтын заңым – арай таңым!

Саян: Өсті міне бойымыз,
Өсті міне ойымыз.

Куанышқа ортақпыз,
Құтты болсын тойымыз!

Жүргізуши: Жарайсындар балалар. Олай болса біз басқа да достарымыздың өнерін тамашалайық сендерге мереке құрметіне би билеп берсін.

Би «»

Жүргізуши: Керемет балалар! Өнерлерің өрге жүzsіn. Келесі мерекелік өлең шумақтарына кезек берсек.

Маржан: Бірінші қыркүйек жетілті

Жазғы демалыс бітіпті,
Бақша қызық болған соң,
Барлық бала келіпті.

Рауан: Балабақша есігін

Үшке тола ашқанбыз.

Балапандай мәпелеп, аялайды бақшамыз.

Бұл - екінші үйіміз,

Бір туғанбыз бәріміз.

Біз - осы үйдің гүліміз

Біз - осы үйдің сәніміз.

Айқөркем: Бала бақша бұл орын,

Балалардың баратын.

Ең алғаш сурет боялып,

Қолға қалам алатын.

Жанерке: Элемдегі барша жұрт,

Бас иеді білімге.

Білім күнін қарсы алып,

Қыркүйектің бірінде.

Жүргізуши: Біз – еліміздің жас өркеніміз,

Желді керген желкеніміз,

Желбіретер көкте туын

Біз - еліміздің ертеңіміз! Балабақшамыздағы нағыз ерке достарымыз

апайларымен бірге келе жатыр, қарсы алайық!

Би «»

Жүргізуши: Жарайсындар кішкентай бұлдіршіндер. Келесі өлең шумақтарын орындайтын

Бағым: Бақша деген қандайды,

Бар жақсыны таңдайды.

Үйретіп бәрін балаға

Тәрбиені жалғайды!

Інжу: Бақшада біз ойнаймыз,

Балалармен жарысып

Жаңа келген бақшага,

Балалармен танысып.

Шұғыла: Біз ғажайып баламыз



Ойын ойнап, би билеп

Жақын болар арамыз.

Жүргізуші: Келесі болып өнер көрсететін:

Жүргізуші: Шайдай ашық бейбіт күннің аспаны

Бақшамыздың келісіп тұр бар сәні

1 - қыркүйек - салтанатты мерекемен

Құттықтайды менгеруші баршаны!

«Жанерке» бөбекжайының менгерушісі – Сыдыкова Ділбар апайымызға
құрметті сөз кезегін ұсынамыз!

Жүргізуші: Келесі өлең шумақтарына кезек берсек.

Айсезім: Балабақша бұл жақсы,

Балаға көңіл бөлетін.

Ойнатып ойын түрлерін,

Бар мейірімін төгетін.

Кәусар: Мен бақшаға барамын

Әсем әнге саламын,

Биді билеп, шаттана

Керегімді алатын.

Мансұр: Бақшаға алғаш барғанда

Сенімдерін ақтаймын

Біздікіндей бақшаны,

Әлемнен шарлап таппаймын.

Жүргізуші:

Білім - менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу - айдында

Жайып білім желкенін

Қындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

2022-2023 жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауын соғу сәті де келіп жеткен

сияқты. Онда көп ойланбай алғашқы қоңырау соғу құрметтін кішкентай

бөбектеріміз..... (ұл мен қыз) сеніп тапсырайық!

Алғашқы қоңырау соғу салтанаты

Жүргіуші:

Мереке тағы да құтты болсын! Қоңырау үнімен жаңа оқу жылының алғашқы
оқу іс - әрекетін бастау үшін тобымызға асығайық.

Шаршамай – талмай білім теңізіне сұнгiiк!

Биіктерді бағындырудан жалықпайық!

